

**«Қазақ мәдениетінің тарихы»
біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы**

Жалпы ережелер

1. «Қазақ мәдениетінің тарихы» курсының мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, бағдарламаны іске асыру тәсілін, курстың көлемі мен тыңдаушылардың мақсатты тобын, күтілетін нәтижелер мен оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдерін анықтайды.

2. «Қазақ мәдениетінің тарихы» курсының бағдарламасы тыңдаушылардың мектепке дейінгі ұйымдардағы ұстаздардың қазақ мәдениетінің тарихымен, негізгі бағыттарын, ұлт тұлғаларының шығармашылық жетістіктерімен таныстырады. Бағдарлама мазмұнында мектепте қызмет жасайтын ұстаздардың біліктілігін арттырудың педагогикалық, психологиялық тенденциялары ескерілген.

Глоссарий

1) Педагогтердің біліктілігін арттыру - оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;

2) біліктілік - тиісті кәсіби қызмет түрі шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті кәсіби білім, іскерлік, дағды және жұмыс тәжірибесінің жиынтығы;

3) білім беру бағдарламасы – білім берудің мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды, оларды жүзеге асыру жолдары мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

4) білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеу – біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді бағалаудың және курстан кейінгі қолдаудың кешенді жүйесі;

5) педагогтердің біліктілігін арттыру - оқыту мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;

6) үлгілік оқу бағдарламасы – әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша меңгеруге тиіс білім, білік, дағдылар мен құзіреттіліктердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама;

7) үлгілік оқу жоспары – жас топтары бойынша бір аптадағы ұйымдастырылған оқу қызметінің тізімін, көлемін, ұзақтығын реттейтін құжат;

8) педагогтің құзіреттілігі – бұл психологиялық-педагогикалық білім, білік, дағды және педагогикалық қызметке деген жеке қатынасының жиынтығы;

9) кері байланыс – белгілі бір әрекетті немесе оқиғаны түсіну, игеру, онымен келісетінін не келіспейтінін көрсететін белгілі бір әрекет немесе оқиға туралы пікір, баға беру, жауапты реакция.

10) құзіреттілік – білім деңгейі мен атқаратын қызметке жеке қарым-қатынасы, мотивтері мен құндылық бағдары мен кәсіби функцияны сәтті орындауға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерін қамтитын тәжірибесі;

11) құзіреттер – белгілі бір саладағы іс-әрекетті тиімді және өнімді орындауға мүмкіндік беретін білім, білік, тұлғалық қасиеттер, тәжірибе жүйесінде көрінетін білімнің нәтижесі;

12) қорытынды бағалау - қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейі мен құзіреттілігін растау рәсімі;

13) ұлттық біліктілік тестілеу – білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тестілер бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім.

Бағдарлама тақырыбы

3. «Қазақ мәдениетінің тарихы» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

4. Бағдарламаның мақсаты: білім беру мекемелеріндегі ұстаздардың қазақ мәдениеті, өнеріне қатысты құзіреттілігін арттыру. Қазақ мәдениетінің тарихы мен жеткен жетістіктерін бойларына сіңдіру.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) ұстаздарды қазақ халқының мәдени жетістіктері мен рухани мұралары, құндылықтары және ұлттың ұлт жанашырларының еңбектерімен таныстыру;

2) ұстаздардың қазақ мәдениетінің тарихы курсы арқылы кәсіби біліктілігін жетілдіру;

3) Мектеп оқушылары мен балабақшадағы тәрбиеленушілерді қазақ мәдениетінің жетістіктерімен ұлт тұлғаларының шығармаларын оқыту, эссе жаздыру;

4) оқу барысында музей, театр, көрмелер арқылы ұйымдастырудың тиімді жолдарын түсіндіру және сабақты қызықты өткізудің әртүрлі тәсілдерін көрсету;

5) ұстаздарға әдістемелік және практикалық көмек көрсету.

б) әлемдік мәдениет аясында қазақ халқының мәдениетінің алатын орнын, өзгешелігін оқыту барысында оқушылардың білімі молайып, құзыреттілік дағдыларын жетілдіру.

б. Тыңдаушылар мынаны білетін болады:

1) мектепке дейінгі және білім беру мекемелеріндегі ұстаздардың нормативтік құқықтық актілеріндегі жаңартулармен, тың өзгерістерге мән беретін;

2) тыңдаушылар балаларға арналған үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын оны жүзеге асыруда педагогикалық-психологиялық бағыттарын, оқытудың заманауи білім беру технологияларын;

3) оқушылардың қазақ мәдениетіне қатысты дүниетанымы молайады;

4) Қазақ мәдениетінің тарихын және ондағы жетістіктер, қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мерекелері, ұлттық спорт түрлері және тағы да басқа тақырыптар бойынша жаңа ұғымдарды бойына сіңіреді;

5) Қазақ халқының мәдениетіндегі өнер қайраткерлері мен олардың туындыларын ажыратып, жаңа білім көздерін таба алады;

7) оқушылардың қазақ мәдениетіне қатысты қызықты мәліметтірді айтып, сабақты қызықты, мазмұнды өткізе алады;

8) Қазақ мәдениетіндегі шығармашылық бірлестіктер, ұйымдар және олармен қарым-қатынас жасауды;

9) қазақ мәдениетінің тарихы курсы тыңдау барысында сабақты өткізудің жаңа инновациялық технологияларын пайдалануды үйренеді;

10) Қазақ мәдениетінің тарихына қатысты тест сұрақтарын құрастырып, ойын формаларын меңгеретін болады.

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

7. Бағдарлама 3 (үш) негізгі модульден тұрады:

1) Қазақ сөзінің шығу генезисі және мәдениет;

2) Қазақ мәдениетінің тарихы;

3) Салт-дәстүр мен рухани, материалдық мәдениет.

8. Қазақ сөзінің шығу генезисі және мәдениет - модуль қазақ мәдениетіне арналған заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріндегі жаңартулармен, оқушыларға нақты тарихи деректерді қолдана отырып тест сұрақтарын дайындау бойынша сұрақтарды қарастырады.

Модульдің болжамды тақырыптары:

1) қазақ сөзінің шығу мен тарихшылардың тұжырымдары, Қазақ шежіресі, жеті атаны білу сияқты сұрақтарды білуге арналады;

2) қазақ мәдениетінің негізгі басымдықтары және ұлтымыздың мәдениет, өнер саласындағы тұлғалардың шығармашылығы, рухани мұралары;

3) ұстаздардың қазақ мәдениетінің тарихындағы негізгі бағыттар мен құндылықтар;

4) ұстаздарды музей педагогикасымен таныстыру, оқушыларды музей, театр, көрмелерге экскурсиялық сабақтар өткізудің артықшылықтары;

9. Қазақ мәдениетінің тарихы модуль ұстаздардың қазақ мәдениетінің тарихы курсына оқытуда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере арқылы толыққанды білім беру мәселелерін қарастырады.

Модульдің болжамды тақырыптары:

1) ұстаздар қазақ мәдениетінің тарихы курсына игеру барысында оқушылардың жас ерекшелігіне мән беруі қажет.

2) педагогтің күнделікті жұмысындағы кәсіби біліктілігін дамыту және оны жүзеге асыру жолдары;

3) аталған курсты инновациялық технологияларды қолдана отырып, сабақты қызықты өткізудің технологияларымен таныстыру;

4) Қазақ халқының мәдениет тарихының кезеңдері мен рухани, материалдық жетістіктері.

10. Салт-дәстүр мен рухани, материалдық мәдениет модуль қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдіт-ғұрыптары, ұлттық мерекелер, кнер түрлері мен оқытудың жаңа инновациялық әдістері:

Модульдің болжамды тақырыптары:

1) қазақ мәдениетінің тарихы курсына оқыту барысында оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану;

2) тақырыпқа сай тексттермен жұмыс жасау, тест құрастыру, музей, көрме, театрларға бару;

3) оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы ұстаздың рөлін арттыру;

4) шағын эссе жазу, идеяларды талқылау, құндылықтар негізінде сабақ өткізу.

Бағдарлама тақырыптары

№	Модульдердің аталуы	Академиялық сағаттар саны	Оның ішінде	
			теория	практика
1.	Қазақ сөзінің шығу генезисі және мәдениет	8	8	0
1.1.	Қазақ сөзінің этимологиясы, тарихшылардың тұжырымдары. Қазақ шежіресі. Жеті атаны білу.	2	2	-
1.2.	Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу жолдары: тарихи шолу. Профессор Мұхит-Ардагер Сыдықназаровтың «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХ АҒЫМЫНДАҒЫ ҮЗДІКСІЗ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ XVI-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚ ЖӘНЕ АМЕРИКАНДЫҚ КАРТАЛАРДА» КІТАБЫ негізінде	2	2	-
1.3.	Қазақ мәдениеті: кеше және бүгін (тарихи-мәдени талдау)	4	4	-
2.	Қазақ мәдениетінің тарихы	12	4	8

2.1.	Миф. Мифология. Аңыз. Қисса. Ертегі. Аяз би ертегісі. Қазақ мифологиясы. Жер-су атаулары туралы аңыздар	3	1	2
2.2.	Ежелгі Қазақ халқының мәдениеті. Космогониялық (әлем, аспан, жұлдыздар әлемі) дүниетанымы. Ежелгі наным сенімдері. Дін деген не? Қазіргі Қазақстандағы діни ахуал. Оқушылардың діни сана сезімін арттырудың жолдары	3	1	2
2.3.	Сақ мәдениеті. Анахарсис. Сақ жауынгері. «Алтын адам»: көркем образы	3	1	2
2.4.	Ортағасырлық қазақ мәдениеті. Қалалық мәдениет. Өл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» трактатын талдау. Урбанистика	3	1	2
2.5.	XV-XVIII ғасырлардағы қазақ хандығының қалыптасуы. Орда ұғымы. Асан Қайғының «Жерұйық» идеясы. Ергеноқон идеясы. Қорқыт Ата.	5	2	3
2.6.	Далалық демократия: билер, батырлық, жыраулық институттар	5	2	3
2.7.	XIX – XX ғасырлардағы қазақ мәдениетіндегі жетістіктер. Алаш идеясы. Түрікшілдік. Ұстаз Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясындағы» әңгімелерді талқылау. Шоқанның ғылым жолы. Хакім Абайдың өлеңдері мен қарасөздерін түсіндіру. Шәкәрім қажының ар ілімі.	5	2	3
2.8.	Тәуелсіз қазақ елінің мәдениеті. Мәдени мұра. Бабалар сөзі жобаларын таныстыру. Рухани жаңғыру идеясы. Мәңгілік ел идеясының 7 парадигмасы	6	2	4
2.9.		5	2	3
3	Салт-дәстүр мен рухани, материалдық мәдениет	34	8	26
3.1.	Қазақ халқының музыкалық құралдары. Күй өнері.	5	1	4
3.2.	Қонақ күту дәстүрі. Дастархан мәдениеті. Ет асу. Табақ тарту. Ет мүшелу.	5	1	4
3.3.	Қазақ халқының ойын-сауық түрлері. Ұлттық мерекелері.	4	1	3
3.4	Қазақтың туыстық қарым-қатынас үлгілері.	6	2	4
3.5	Қазақ даласындағы қорымдар. Балбал тастар. Петроглиф. Ескерткіштер. Сакралды Қазақстан бағдарламасы	5	1	4
3.6	Қазақтың дәстүрлі отбасылық әдет-ғұрыптары. Фольклор. Әлпетштеу (бесік жыры, мәпелеу, уату), Үйлену (той бастар, жар-жар, сыңсу, беташар, неке қияр), Азалау (арыздасу, жоқтау, естірту, жоқтау, көңіл айту.	5	1	4
3.7	Тиым сөздер және олардың мәні. Ырымдар.	4	1	3
3.8	Қазақ халқының бейнелеу өнері. Суретші Әбілхан Қастевтың шығармашылығы.			
3.9	Қазақтың музыка өнері. Театр өнері. Кино өнері. Мүсін өнері. Қол өнері			
	Барлығы - 72	72	30	50

Оқу процесін ұйымдастыру

12. Біліктілікті арттыру курсы күндізгі оқыту тәртібінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады. Курстың ұзақтығы 72 сағатты құрайды.

13. Білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімдерін бақылау және бағалау үшін:

- 1) өзіндік жұмыс, эссе жазу;
- 2) жобаны презентациялау;
- 3) зерттеу жұмысы;
- 4) қорытынды бағалау және басқалар жүргізіледі.

Бағдарламаның оқу - әдістемелік қамтамасыз етілуі

14. Бағдарлама мазмұнын игеру мақсатында әзірленген материалдар:

1) тыңдаушыға арналған нұсқаулық – бұл курс тыңдаушыларын курстық оқыту және курстан кейінгі қолдау үдерісінде қолдануға арналған оқу-әдістемелік құрал;

2) тыңдаушыға арналған слайдтар, бейнежазбалар және практикалық үлгі материалдар;

3) таныстырылым материалы – көрнекі/графикалық формада ұсынылған негізгі материал.

4) үлестірме материал – тыңдаушылардың курстық оқыту процесінде немесе өзіндік жұмыс кезінде пайдаланатын оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы;

5) мақала және эссе жазу үлгілері ұсынылады.

Оқу нәтижелерін бағалау

15. Бағдарламаны іске асырудың қорытындысы бойынша бақылау жұмысын бағалау өлшемдері.

«Сынақ» (тест: 50 пайыз және одан жоғары) – тәрбиеші педагогтар орындалған тапсырманың кәсіби құзіреттілікті дамытуға ықпал ететінін түсінеді, біліктілік санаттарын қорғауға дайындалады, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданады, шығармашылық тақырып таңдау, негіздеу, авторлық бағдарлама және әдістемелік көмекші құралдар дайындауға бағыт алады, әріптестерімен пікір алмасады, ой бөліседі, тәжірибе жинақтайды, күнделікті іс-әрекет барысында проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын бағалайды.

«Сынақтан өтпейді» (тест: 50 пайыздан төмен) – тәрбиеші педагогтар орындалған тапсырманың кәсіби құзіреттілікті дамытуға ықпал ететінін жете түсінбейді, біліктілік санаттарын қорғауға дайындалуда енжар, белсенділігі төмен, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданбайды, шығармашылық тақырып таңдау, негіздеу, авторлық бағдарлама және әдістемелік көмекші құралдар дайындауда қиындықтар туындайды, әріптестерімен пікір алмасуда

ойларын ортаға салмайды, тәжірибе жинақтай алмайды, күнделікті іс-әрекет барысында проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын төмен бағалайды.

16. Курс сабақтарын өткізу нысандары: дәрістер, диалог-дәрістер, практикалық сабақтар, шығармашылық шеберханалар, шеберлік сыныптар, тренингтер, жобаларды қорғау, мультимедиялық презентациялар, интерактивті әдістер, квест, практикалық талдау, шағын топтағы жұмыстар; шеберлік сағаттары, дискуссия және тағы басқа.

17. Курс тыңдаушыларының мақсатты тобы: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілері.

18. Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің сапасын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасайды;

тәрбиелеу мен білім беру сапасын қамтамасыз ету және мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие процесін талдау дағдыларын меңгереді;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың міндеттерін шешу үшін қалыптасқан құзіреттілікті қолдануға дайындығын көрсетеді.

Курстан кейінгі қолдау

19. Курстан кейінгі қолдау нәтижелерін талдау және білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеу үш жылда кемінде 1 рет жүргізіледі.

20. Біліктілікті арттыру курсынан алған білімдері мен дағдыларын білім беру ұйымдарында педагогикалық тәжірибеде қолдануда педагогтерге әдістемелік бағытта жеке және ұжымдық кеңес беріледі, қолдау көрсетіледі.

21. Курстан кейінгі әдістемелік қолдау университетінің профессор, оқытушылар құрамының курстан кейінгі кезеңде педагогке атаулы ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-әдістемелік қолдау көрсетуіне бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар, іс-шаралар өткізіледі.

22. Педагог қызметін курстан кейінгі қолдауды жүргізудің түрлері:

1) тыңдаушыларға олардың педагогикалық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

2) педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауға дайындауда кеңес беру;

3) педагогтердің педагогикалық қызметін ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар (конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б.) өткізу.

4) тәрбиешілердің, білім беру ұйымдарының білім беру қажеттіліктерін талдау және оларды курстық іс-шараларды дайындау кезінде ескеру;

5) тыңдаушылардың дайындық деңгейінің кіріс диагностикасы, олардың кәсіби қиындықтары;

6) білімді игеруді ағымдағы және аралық бақылау;

7) тыңдаушылардың оқытудың мазмұны мен ұйымдастырылуына, оқыту сапасына тікелей курс барысында қанағаттануын зерттеу.

23. Курстан кейінгі қолдаудың формалары мен әдістері:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға байланысты барлық өзгерістер туралы педагогтарды әдістемелік қолдау және уақтылы хабардар ету үшін: - әр түрлі байланыс құралдары: электрондық пошта, әлеуметтік медиа мессенджерлері (Facebook, WhatsApp), Google қызметтері (Duo, Hangouts) ;

қалалық, аймақтық, республикалық мектепке дейінгі ұйымдары педагогтерінің желілік әдістемелік бірлестігі.

24. Курстан кейінгі қолдау ресурстық қамтамасыз ету үшін:

курс тақырыбы бойынша электрондық материалдар (әдістемелік құралдар, тірек материалдар, интернет-дереккөздердің сілтемелері және т. б.) педагогикалық басылымдарға мақалалар жарияланады.

25. Кәсіби даму траекториясын іске асыру үшін:

мектепке дейінгі ұйымдарға сұраныстары бойынша кеңес, шығармашылық дәрістер ұйымдастырылады;

авторлық, үлестік, вариативтік бағдарламалар дайындауға бағыт беріледі, пікір жазылады;

мектеп жасына дейінгі балаларға арналған шығармашылық ойындардың (авторлық құқық) электрондық картотекасын бірлесіп әзірлеу (білім беру саласы, таңдауға болатын жас тобы);

мектепке дейінгі топтың, ұйымның пәндік-кеңістіктік дамыту ортасының сапасын бағалауға қатысады.

Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

Ғабитов Т. Қазақ мәдениетінің теориясы мен тарихы / ЖОО-на арналған оқулық. (иллюстрированная)

Ғабитов Т.Х., Мүтәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениеттану. Алматы. Раритет, 2006

Қазақ мәдениетінің теориясы мен тарихы. Жоғары және орта білім беру орындарына арналған оқулық.

АДАЕВА Г.А. ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АРХЕТИПТЕРІ

Қазақстан тарихы мен мәдениетінің очерктері [Мәтін] : (XVIII-XIX ғасырлар) / С. Жолдасов Б. Жолдасов ... – Алматы : ҚАЗАқпарат, 2007. - 327 б.

Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті [Мәтін] / Кенжеахметұлы, Сейіт ... – Алматы : Алматыкітап, 2006. - 384 б.

ЗАТОВ ҚАЙРАТ АЙТБЕКҰЛЫ. Зороастризм және қазақ мәдениетінің бастаулары [Мәтін] : оқу құралы / Қ. А. Затов ; Әл-Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті... – Алматы : Қазақ университеті, 2007. - 137

Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер / ; Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі, Ғылым Комитеті ; Философия, саясаттану және дінтану институты... – Алматы : [б. ж.], 2013. - 375 б

СУ БИХАЙ. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы : Дәуір-Кітап, 2013. - 495 б

Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі [Мәтін] / ; құраст. А. Құралұлы ; жалпы ред. басқ. Ғ. Халықұлы... – Алматы : Сөздік-Словарь, 1997. - 367 б. - Шора Сарыбаев қоры . – Библиогр.: 367 б

Қазақ халқының рухани мұрасы : оқу-әдістемелік кешен / Абдильдина, Б. С. ... – Астана : [Б. ж.], 2010. - 107 б

Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері [Мәтін] / Х. Маданов ... – Алматы : Қаржы-Қаражат, 1995. - 199 б

Баймұратова Б., Таубаева Ғ.З. Қазақ балалар әдебиеті. Оқу құралы. А: Мектеп баспасы, 2012 ж.